

Араластырғыш, кері салқындатқыш және газ жіберетін түтікпен жабдықталған 150 мл ұшауызды домалақ түпті қолбаға 100 мл абс. этил спиртіні құяды. Техникалық таразыда 4,6 г (0,1 г-атм) металл калийді өлшеп алып, гексан қабаты астында бюксте майдалайды. Одан әрі араластыра отырып, алдын ала сүзгі қағазбен кептірілген металл калийді майда бөліктермен салып отырады (бұған $\approx 1,5$ сағат қажет). Металл калийдың этил спиртімен толық әрекеттескеннен кейін және реакциялық қоспаның температурасы бөлме температурасына жеткенде, оған 2 сағат бойы араластыра отырып, құрғақ көміртек диоксидін (~ 200 мл/мин) барботирлейді. Реакция аяқталған кезде бөлінген қатты өнімді Бюхнер воронкасында бөледі және 5 сағат бойы вакуум-пистолетте $\sim 50^\circ\text{C}$ ($\sim 20-30$ мм сын.бағ.) кезінде кептіреді. Алынған калийэтилкарбонатты одан әрі арнайы тазаламай-ақ пайдалана береді. Майда кристалды ақ түсті зат, 400°C дейін балқымайды.

3.2.2. Оксидарендерді этилкөмір қышқылының сілтілік тұздарымен карбоксилдеу

Лабораториялық жұмыстарды автоклав типті лабораториялық қондырғыда жүргізеді (2-сурет). Қондырғы автоклавтан 1, магнитті араластырғыштан 2, инертті газды жіберуге арналған құрылғылардан 3, 4, үлгілі манометрден 5, араластырғыштан 6, электр қыздырғыштан 7, термобудан 8, термореттегіштен 9, көміртек диоксиді бар баллоннан 10 және шыны реактордан 11 тұрады.

Автоклав 1 диамагнитті тот баспайтын болаттан жасалған, магнитті араластырғыш үстелінде орналастырылған, ол арқылы реакциялық қоспаны араластыру жүргізіледі. Көміртек диоксидін ендіруге арналған құрылғы инертті газбен толтыруға арналған 3 және шығаруға арналған 4 вентильдерден тұрады. Газды шығару баллонның 10 жабық вентилі 3 кезінде түтік арқылы шығарылып, ондағы қысымның түсуі бойынша манометр 5 көмегімен бақыланады.